

Көксу ауданы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Көксу ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 30 наурыздағы № 120 қаулысы. Алматы облысы Әділет департаментінде 2018 жылы 16 сәуірде № 4641 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Көксу ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 29 қазандағы № 382 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Көксу ауданы әкімдігінің 29.10.2021 № 382 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 4-тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес, Көксу ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Көксу ауданы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшері осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Көксу ауданы әкімдігінің "Көксу ауданы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы" 2017 жылғы 24 қаңтардағы № 23 қаулысының (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4112 тіркелген, 2017 жылдың 13 наурызында Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. "Көксу ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының Алматы облысы Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электронды түрдегі көшірмелерін Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу және ресми жариялау үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорына жіберілуін;

3) осы қаулыны Көксу ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында оның ресми жарияланғаннан кейін орналастыруын;

4) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күннен кейін он жұмыс күні ішінде Көксу ауданы әкімі аппаратының мемлекеттік-құқықтық бөліміне осы тармақтың 1), 2), 3) тармақшаларында қарастырылған іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Ұ. Досымбековке жүктелсін.

5. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Көксу ауданы әкімінің
міндетін атқарушы*

Н. Кененбаев

Көксу ауданы әкімдігінің 2018 жылғы "30" наурыздағы "Көксу ауданы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы" № 120 қаулысына қосымша

Көксу ауданы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы

№	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының атауы	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарындағы тәрбиелен-ушілердің саны	Мектепке дейінгі ұйымдардағы ата-ананың бір айдағы төлемақы мөлшері (тенге)	
			3-жасқа дейін	3-6 (7) жас аралығында
1	"Көксу ауданының Балпық ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің "Алпамыс" бөбек жай-бала бақшасы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны	240	7500	8000
2	"Көксу ауданының Еңбекші ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің "Айгөлек" бөбек жай-бала бақшасы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны	75	7500	8000
3	"Көксу ауданының Лабасы ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің "Ер Төстік" бөбек жай-бала бақшасы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны	100	7500	8000
4	"Көксу ауданының Жарлыөзек ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің "Балдырған" бөбек жай-бала бақшасы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны	75	7500	8000
5	"Көксу ауданының Мұқыры ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің "Қызғалдақ" бөбек жай-бала бақшасы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны	110	7500	8000

6	"Көксу ауданының Балпық ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің "Жұлдыз" бөбек жай-бала бақшасы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны	220	7500	8000
7	"Көксу ауданының Алғабас ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің "Балауса" бөбек жай-бала бақшасы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны	100	7500	8000
8	"Көксу ауданының Мұқаншы ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің "Күншуақ" бөбек жай-бала бақшасы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны	50	7500	8000
9	"Көксу ауданының Лабасы ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің "Балбөбек" бөбек жай-бала бақшасы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны	60	7500	8000
10	"Көксу ауданының Лабасы ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің "Еркем-ай" бөбек жай-бала бақшасы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны	50	7500	8000
11	"Көксу ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Кәусар" бөбек жай-бала бақшасы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны	50	7500	8000
12	"Көксу ауданының Балпық ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің "Қуаныш" бөбек жай-бала бақшасы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны	140	7500	8000
13	"Көксу ауданының Балпық ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің "Балдәурен" бөбек жай- бала бақшасы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны	140	7500	8000
14	"Көксу ауданының Мұқыры ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің "Таңшолпан" бөбек жай-бала бақшасы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны	50	7500	8000
15	ЖШС "Нұр Аллан" жеке бала бақшасы	20	-	10000
Толық күн болу				
16	"Көксу ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Мектепке дейінгі шағын орталығы бар № 5 орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	25	-	7500
17	"Көксу ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Мектепке дейінгі шағын орталығы бар Қызыларық орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	50	-	7500
18	"Көксу ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Мектепке дейінгі шағын орталығы бар Мұқаншы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	50	-	7500
19	"Көксу ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Мектеп жанында шағын орталығы бар Злиха Тамшибай	20	-	7500

	атындағы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі			
20	"Көксу ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Мұсабек атындағы мектепке дейінгі шағын орталығы бар орта мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	20	-	7500
21	"Көксу ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Сындыбала Қырықбаева атындағы мектепке дейінгі шағын орталығы бар орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	15	-	7500
22	"Көксу ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Ақын Қабан Жырау атындағы мектепке дейінгі шағын орталығы бар орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	50	7000	7500
23	"Көксу ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Темірғали Исабаев атындағы мектепке дейінгі шағын орталығы бар орта мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	25	-	7500
Жарты күн болу				
24	"Көксу ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Мектепке дейінгі шағын орталығы бар Бесқайнар орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	25	-	-
25	"Көксу ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Жамбыл атындағы мектепке дейінгі шағын орталығы бар орта мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	25	-	-
26	"Көксу ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Биғайша Құндақбаева атындағы № 1 орта мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жедел басқаруындағы "Мектепке дейінгі шағын орталығы бар Қаратал бастауыш мектебі"	15	-	-

Ескертпе:

1) мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорындарының ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда баланың жасына қарамастан тамақтануға кететін шығынның 100 пайызын құрайды;

2) мемлекеттік білім беру тапсырысы орналастырылғандарды қоспағанда, жекеменшік мектепке дейінгі ұйымдарда мектепке дейінгі ұйымның құрылтайшысы белгілейді.